Ағымдағы жоспар – қорлардағы жұмыс кешендерінің орындалуының мерзімдері мен қажеттіліктерін айқындайды, жұмыс бөлімдерінің арасында айқын шекаралар орнатады және оның орындалуына әр түрлі ұйымдар жауап береді.

Жедел жоспар – жұмыс кешендері бойынша қатысушыларға тапсырманы бір айға, аптаға, тәулікке бөлінеді.

Сонымен бірге жоба жұмыстарының қамту дәрежесі бойынша жоспарды танып білу керек, олар:

- құрама, кешенді, бас (жобаның барлық жұмыстарына арналған);
- бөлшектік (дербес), ұйымдарға қатысушылар бойынша;
- бөлшектік (дербес), жұмыстардың түрлері бойынша.

Жоспарлау процессінің негізгі кезеңдері:

- жобаның көрсеткіштері, ұзақтығы мен қорлар, атқарылатын жұмыстар, кезеңдер және жоба кезеңдерінің спецификациясын есептің мақсаттары және негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер;

- жоба құрылымы;
- ұйымдастыру - технологиялық шешімдер;
- жұмыстар кешендерінің үлгілері;
- бағаны ықшамдау, іске асыру, тағы басқа белгілер бойынша қорларды сапасының мерзімі және белгілері бойынша қолдану;
- қорлардағы қажеттіліктер;
- жұмыс кешендері жөніндегі құжаттар жоспары;
- жоспар және бюджетті бекіту;
- орындаушыларға дейін жоспарлы тапсырмаларының жеткізілуі;

- бақылау үшін есеп беру құжаттамасының әзірлеу және бекіту жоспары.

Жобаны жоспарлаудағы орталық орын күнтізбелік жоспарлық есептер алады - кестені құрастыру және түзетуі, ондағы жұмыстар әр түрлі ұйымдармен істелінген, өзара уақыт бойынша және олардың қамтамасыз ету мүмкіндіктерімен байланысқан заттық-техникалық және еңбек ресурстардың әр түрлі түрлері.

Күнтізбелік жоспардың параметрлері ең жеңіл жағдайда жұмыстың басталу мен аяқталу мерзімін құрайды. Әдетте, күрделі календарлық жоспар түрлерінің 6 варианттарына дейін болады, аяқтау, жұмыс және уақыт резервтерінің ұзақтығын анықтайды. Бұл - ерте, кешірек, негізді, жоспарлы және нақты мерзімі, нақты және уақыттың бос қоры.

Торлық үлгілерді есептеуінің әдістері тек қана бұрынғы-соңғы мерзімді есептеуге мүмкіндік береді. Негізгі және ағымдағы жоспарлы мерзімдер басқа факторлардың есепке алуымен таңдауға керек.

Таңдаудың үш варианты бар:

- ерте бастау бойынша күнтізбелік жоспар: жобаның орындаушыларының ынталандыруы үшін қолданылады;
- кешірек аяқтау бойынша күнтізбелік жоспар: тұтынушы үшін жақсы жобаның орындауын ұсыныс үшін қолданылады;
- олардың арасындағы күнтізбелік жоспар 2-ге бөлінеді: орындалуына немесе тұтынылатын қорларды пайдалану үшін немесе өте ықтимал нәтиженің тапсырма берушісіне көрсету.

Ұзақтық - бұл жұмыстың орындалу уақыты. Жұмыстың ұзақтығының детерминделген жоспарларында әдетте ол өзгеріссіз болып есептеледі.

Кризистік ұзақтық бұл жобаның жұмыстарының барлық мүмкіншілігі ағымында орындай алған ең төменгі ұзақтық.


Кризистік жол - ұзақтығы кризистік ұзақтыққа тең торлық үлгідегі жол. Кризистік жолда жататын жұмыстар кризистік жұмыстар деп аталады.

Егер жобаның барлық жұмыстары үшін қорлардағы қажеттіктер белгілі болса және басталу және аяқтау мерзімі белгілі болса, онда қор деңгейлерінің кестесі немесе қор гистограммасын қор жобасы үшін қажеттіктердің өзгерісінің функциясын есептеуге болады.

Есептеудің нәтижесінде алынған торлық үлгідегі күнтізбелік жоспар тексеріледі, түсіндіріледі, керек жағдайда алынған және толық сенімділік бар болған жағдайда іске асырылады.

Іске асырушылық бағаларының 4 түрлері бар: сенімділіктің интегралды бағасы, қор, экономикалық және қаржы.

Қордың іске асырушылықтың талдауы барлық жұмыстарға арналған қорлардың бар болуын талдаудан басталады. Экономикалық және қаржы іске асырушылығы өзара байланған, оларды жоспарлы кезеңде бірге қарауға болады, өйткені қарастырылатын жұмыстардың дәл бағалары белгілі және ол іске асырушылық талдауының қажетті шарты болып табылады.



10-сурет – Күнтізбелік жоспар



Жобаның құжаттарын даярлау

Негізгі кезең және жоба сметалық құжатамасының өңдеуінің ортақ схемасы 11 және 12 суретте көрсетілген:




Жоба құжаттарын даярлауды басқару

Инвестиция алды зерттеу жұмыстарының нәтижесі

- Инвестиция алды зерттеу жұмыстарының нәтижесін ұйымдастыру және сауда өткізу (құрылысқа; мердігердің шарт жасасуы)
- Жобалау тапсырмасы (өнеркәсіптік құрылыс үшін) объектінің құрылысы немесе (тұрмыс-азаматтық құрылыс үшін) нұсқалы жобаның ТЭН өңдеу
- (нұсқалы жоба) ТЭН келісу және сараптама, соның ішінде экологиялық сараптама
- Инвестициялық шешімнің (нұсқалы жоба) ТЭН, қабылдануы бекіту
- Табиғатты пайдалануға лицензияны беру
- Бөлімшенің (сатып алу) алып қоюы және оның беруі шарттары туралы өтініш және шешім

11-сурет – Инвестиция алды

Жоба жұмыстары келесі тізбектерде орындалады:



12-сурет – Жобаны жүзеге асыру сызбасы

Жоба жұмыстары келесі тізбектерде орындалады:

- жобалаушылар жарыстың нәтижелері бойынша контрактке қол қою таңдау;

- жоба-сметалық жұмыстар және қызметтердің жоспарлауы;
- жобалау және жоба-сметалық құжаттамасының келісуі мен өзара бір шешімге келуі.

- Жобалық фирмалардың ұйымдастыру формаларының түрлері:

- *жобалауға, іріктен жинақтау*, пайдалануға объектерінің құрылысқа және енгізуі бойынша жұмыстардың барлық мүмкіншілік орындайтын жоба-құрылыс фирмалар;

- *жобалау институттары* инженерлік және сәулеттік жұмыстардың барлық түрлерін сонымен қоса объектерді жобалау бойынша жұмыстардың барлық мүмкіншілік орындайтын, жиі және құрылыс ошағының аудандарының орналастыруы бойынша жұмыстарды да атқарады. Әдетте мұндай институттар салалық белгі бойынша маманданады;

- *технологиялық (функционалды) белгі бойынша мамандандырылған жобалау* институттары. Мысалы, мұндай институттар іргелер, металдық немесе темірбетон конструкциялары, жабдықтың арнайы түрлерінің жобалауында және тағы басқа салаларда мамандана алады. Жоба құжаттамасының әзірлеуіне бейімделген *есептеуіш орталықтары* сызбалардың машина сақтаушыларына, календарлық жоспар;

- *кеңес беру фирмалары* кең спекторлы қызмет көрсетеді-экономикалық талдаулар, жобалардың құнының есептеулері, мәлімет, кеңес беру.

Жобалық фирмалардың тапсырыс берушіні таңдауының үш жолы бар болады:

- кәсіби қызмет көрсету керектігі бойынша;
- жабық келіссөздер;
- жарыстың өткізуі. Осы жағдайда тапсырма берушімен және мердігердің аралығында коммерциялық келісімдердің келесі түрлері болуы мүмкін:

- нақты шығындар бойынша төлеу,
- бағаның жоғарғы шектеуімен төлеу,
- тіркелген бағасы.

Жобалық фирмалардың қызметтік міндеттерін 2 бөлікке бөлуге болады:

Бір үлгідегі: нұсқалы жобалау, жұмыс жобалауы, сметалардың өңдеуі, авторлық қадағалау.

Қосымша: саудаларға және олардың өткізуіндегі көмек әзірлеуді, жобалық талдау, ТЭН өңдеуі, жобамен басқаруға қатысу, қаржыландырудың ресімдеуі.

Қорытынды

Студенттер осы дәрісте инновациялық жобаның жоспарлану процессінің кезеңдерін талдап, құжаттарды дайындау және жоба-сметалық құжаттамасы термин түсіндіріліп, жобаны күнтізбелік жоспарға сәйкес жүзеге асыру керектігі анықталды.

Бақылау сұрақтары:

1. Жобаны жоспарлаудың мәні мен түпкі мақсаты.
2. Жоба құжаттамасының өңдеуінің кезеңдері.
3. Жобаны басқарудың деңгейлері қандай?
4. Жоба процесінің негізгі кезеңдеріне сипаттама.
5. Жобаның құжаттарын даярлау қалай іске асырылады?
6. Жоба жұмыстары қандай тізбекпен орындалады?
7. Жоба-құрылыс фирмалары түрлері.
8. Жобалық фирмалардың қызметтік міндеттемелеріне сипаттама.
9. Жобаны басқарудың төрт іргелі деңгейі.
10. Жобалық фирмалардың ұйымдастыру формаларының түрлері.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. «Инновациялық жобаны жоспарлау» тақырыбына баяндама жасау.
2. Инновациялық жобаны жоспарлау кезеңдерінің сипаттамасы.
3. Тақырып бойынша эссе дайындау.
4. «Инновациялық жобаның құжаттарын дайындау тәртібі» тақырыбына конспект дайындау.
5. Тақырып бойынша презентация әзірлеу.

ТАҚЫРЫП 8. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ БЮДЖЕТІ

8.1 Жобаны қаржыландыру

8.2 Жоба бюджетін құру және бақылау

8.3 Жобаның материалдық-техникалық даярлығы



Жобаны қаржыландыру

Жобаны қаржыландыру негізгі екі міндетті қамтамасыз етуі тиіс:

1. Жоба орындалу кезінде кездесетін уақыт пен қаржы (ақшалай) шектеулер кезінде инвестициялардың қалыпты қарқының қамтамасыз ету.

2. Инвестициялық құрылым есебімен және ең жоғары салық жеңілдіктері арқасында қаржылық құрал шығындары мен жоба қауіптілігін төмендету.

Жобаны қаржыландыру 4 кезеңнен тұрады:

- жобаның өмірге бейімділігін алдын-ала зерттеу;
- жобаны жүзеге асыру жоспарын дайындау;
- қаржыландыруды ұйымдастыру;
- қаржыландыру жағдайлары мен жоспарларының орындалуын қадағалау.

Жобаны қаржыландырудың 4 әдісін ажыратуға болады: акционерлік инвестициялар, мемлекеттік қаржыландыру, лизингтік қаржыландыру, борыштық қаржыландыру.

Акционерлік қаржыландыру ақшалай қаражаттар салымы, жабдықтар, технологиялар, мемлекеттік қаржыландырудың тікелей инвестициялық бағдарламалары есебінен тікелей субсидиялар арқылы жүргізіледі. Лизингтік қаржыландыру жоба қатысушылары жоба немесе оның бір бөлігінің меншіктік құқығын инвесторға табыс ету.

Борыштық қаржыландыруды жеке немесе заңды тұлғалар банк несиелері және борыштық міндеттемелері арқылы жүзеге асырылады.

Жобалық қаржыландыру- бұл борыштық қаржыландырудың бір түрі, соңғы 10-15 жылда дамып келе жатыр, қазіргі уақытта АҚШ пен Батыс Еуропада кеңінен таралған. Көптеген банк мекемелерінде жобалық қаржыландыру бөлімдері бар.

АҚШ-та «жобалық қаржыландыру» термині жоба борыштық міндеттемелерді қамтамасыз ететін жалғыз (немесе негізгі) әдісі болғанда, қосымша қаржы көздерін тартпаған жағдайда қаржыландырудың осы түріне жатқызады.

Қаржыландыруды ұйымдастыру түрі жобаның ең алғаш сатысында келесі мүмкіндіктерді береді:

- қолбасшылардың (құрылтайшылардың) мүмкіндіктерін бағалау;
- жобаның қарыз қаражатына қажеттілігін айқындау;
- кәсіпорынның пайдалануға берілгеннен кейін пайдасын анықтау;
- барлық тәуекелді заңды және жеке тұлғалар арасында кәсіпорынды құру және оның жұмыс істеу кезіндегі қауіптіліктерін бөлісу.

Несие берушінің өзіне алған қауіптілігінің мөлшеріне байланысты **жобалық қаржыландырудың 3 түрі** белгіленеді:

- қарыз алушыға толық регресспен;
- қарызгерге ешбір регрессіз;
- қарызгерге шектелген регресспен.

Регресс- бұл қарыз берген соманы қайтару туралы жөніндегі талап.

Қарызгерді *толық регресспен қаржыландыру* – бұл жобалық қаржыландырудың ең кең тараған түрі. Өзінің жеңілдіктері мен жылдамдығына байланысты бұл түр жоспар қаржыландыруда көп қолданылады және де қаржыландырудың бұл түрінің құны қалған екеуіне қарағанда төмен.

Қарызгерді *ешбір регрессіз қаржыландыру* түрінде қарыз беруші қарыз алушыдан ешқандай кепілдік алмайды, ол жобаны іске асыру кезінде барлық тәуекелділікті өзі көтереді. Қарызгерді

регрессіз қаржыландыру әдетте жоғары пайдалығы бар, нәтиже-сінде бәсекеге қабілетті өнім беретін жобаларда қолданады.

Қазіргі кезде қарызгерді *шектеулі регресспен жобалық қаржыландыру* кең тараған. Бұл жағдайда жоба қаржыландыру оның іске асыру кезінде кездесетін барлық қауіптіліктер бағаланады, содан кейін жобаға қатысушылар арасында оларға тиісті тәуекелділіктер бөлінеді.

Қаржыландыруды бақылау әдетте уақытылы тексеру кезінде жүргізіледі, келесі аспектілер бойынша:

- нақты шығындар;
- нақты ақша ағымы;
- қаржылық жағдайы (жобаның және жобаны іске асыратын компанияның);
- есеп-қисап;
- қаржыларды басқару;
- қате жұмсалған шығындар.

Жоба басшысының жұмысының тиімділігін оның жобаға жұмсалған шығындарды бақылауда қаншалықты дұрыс ұйымдас-тыруынан бағаланады. Бұл үдерісті басқару үшін шетелде ресурс-тарды басқаруға арналған арнайы жоспар (cost management plan) бар. Келісім-шарттар дайындау кезінде бұл жоспарды әзірлейді және оны тұрақты түрде көкейкестілеп тұрады.

Бұл жоспар келесіні белгілейді:

- қандай шығындарды бақылауға тиіс (компания шығында-ры, құрал-жабдықтар, жұмыс күші, үстеме шығындар құны);
- шығындар қандай көрсеткіштермен бағаланады (олар жо-бада немесе компанияда пайдаланатын есеп-қисап жүйесімен тура келуі тиіс);
- бақылау қалай ұйымдастырылады (қатысушылар, бақылау-ға жұмсалған шығын, ақпарат табыстау реті).

Жоспарлық қаржыландырудың қатысушылары – демеуші (ұйымдастырушы, қолбасшы емес) қажетті жақтардың қатысуын қамтамасыз етеді, келісім сөздерді жүргізеді, ұсыныстарды талқы-лау, нарықты зерттеу, толық қаржылық пакетті жоспарлау және ұйымдастыруды өз жауапкершілігіне алады, қаржы серіктестерін таңдайды, т.б;

- *Мердігер*-инженерлік құрылыстық фирма; жобаны жобалауға және құрылыста қолданылады;
- *Жабдықты жеткізуші* – жабдықты жеткізу келісім-шарттарын орындайды;
- *Пайдаланушы ұйым* – пайдалануға берілгеннен кейін жобаны басқару;
- Жобаға қажетті шикізат *жеткізуші*;
- Шығарылған өнімді *сатып алушылар* (тұтынушылар);
- *Тәуелсіз эксперт* жобаның орындалу мерзімі, құрылыс құны, пайдаланудағы мүмкіндіктері мен жағдайлары жөнінде өз қорытындысын береді;
- *Сақтандыру мәселесі бойынша кеңесші* – жобаның қорғаныш деңгейін сақтандырушылық өтеу негізінде зерттейді;
- *Заң мәселесі бойынша кеңесші* – құжаттар дайындайды және жобаның барлық келісімдері мен келісім шарттарын құрастырады;
- *Маркетинг бойынша кеңесші*(несие берушімен жалға алынуы мүмкін) жобаның көрсеткіштерінің сенімділігін бағалайды;
- *Қаржы бойынша кеңесші* – қатысушылардың және жалпы жобаның қаржылық мүмкіндіктерін бағалайды;
- *Кредиторлар* жоба қаржыландыру үшін несие береді;
- *Қаржы алушы* жобаны іске асырады.



Жоба бюджетін құру және бағалау

Смета- жобаға қажетті шығындар көлемін анықтайтын есептеу кешені. Сонымен қатар смета басқару құралы ретінде жобаны іске асыру кезінде менеджерлермен қолданылады. Сол себептен сметаның 2 түрлі мағынасы болады. Біріншіден, бұл жобаның құнының айқындайтын құжат, екіншіден бұл жобаға қарастырылған ақша-қаражат шығының бақылайтын және талдайтын құрал.

Құрылыс-құрамалау жұмыстардың сметалық құны ол тапсырыс беруші мен мердігер, бас мердігер мен қосалқы мердігер арасында шартты бағаны анықтау, келісім шартты жасау, өзара есеп-айырысу кезінде пайдаланады.

Сметалық құнының көрсеткіштері- өндірістік және өндірістік емес объектілерді салу және қайта құру туралы жобалық шешімдердің әр түрлі нұсқаларын саралау, экономикалық жағынан ең тиімдісін таңдау кезінде қажет. Смета мен күнтізбелік жоспарлау негізінде жоба бюджеті құрастырылады, есеп жүргізіледі, есеп-қисап жасалады, тапсырыс беруші және мердігер қызметіне баға береді.

Жобалық кәсіпорындардың, өндіріс орындарының, объектілердің, олардың бір бөліктерінің және жұмыс түрлерінің сметалық құны жобалау кезінде жобалар(эскиздік жобалар) және жұмыс құжаттар құрамында айқындалады. Ол үшін құрылыстың жиынтықты сметалық құның есептеулер, объекттік және жергілікті сметалар, жергілікті ресурстық сметалық есептеулер, жобалау және ізденіс жұмыс сметалары.

Жиынтық сметалық есептеу – бұл кәсіпорынның, ғимараттар құрылыс құның айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Ол объекттік жергілікті сметалар және де онда қарастырылмаған қосымша шығыстардың сметаларын есептеулері негізінде құрастырылады.

Объекттік сметалар (объекттік сметалық есептеулер) жеке-жеке әр конструктивті элементтер мен жұмыстар түріне жасалған жергілікті сметалар негізінде әр ғимараттар мен құрылысқа жеке жасалынады.

Жергілікті сметалар (жергілікті сметалық есептеу) әр жұмыс түрінің жұмыс сызбалары бойынша жасалады. Оларда конструктивті элементтер мен жұмыстар түрінің сметалық құны белгіленеді.

Құрылыстың сметалық құны – негізгі жұмсалымдардың жалпы сомасын айқындайды, сол себептен онда барлық шығындар негізінде жұмсалымдардың технологиялық құрамына сәйкес топталады:

$$C = C_{\text{құр.}} + C_{\text{монт.}} + C_{\text{жабд.}} + C_{\text{басқа}} + C_{\text{қутп.}}$$

Бұл жерде, C- құрылыстың сметалық құны

$C_{\text{құр.}}$ - құрылыс жұмыстарына кеткен шығындар

$C_{\text{монт.}}$ - құралдарды құрамалау жұмыстарының шығындары

$C_{\text{жабд.}}$ - жабдықтар, құрал-саймандар, аспаптар алуға жұмсала-

тын шығындар

$C_{\text{басқа}}$ – басқа да капитал шығындары

$C_{\text{күтп}}$ – күтпеген жұмыстар мен шығындар резерві.

Құрылыс және монтаждау (құрамалау) жұмыстардың сметалық құны тікелей шығындар, үстеме шығыстар және сметалық пайдалану сомаларынан тұрады.

Сметалық құн негізінде мердігерлік сауда-саттыққа шартты баға анықталады және келісім қабылдауға негіз болады.

Сметалық құнды анықтау үшін **3 әдіс** қолданылады: базистік-өтемдік, ресурстік, ресурстік-индекстелген.

Құрылыс құның айқындайтын **базистік-өтемдік әдіс**-сметалық құжаттарды дайындауда бар сметалық нормаларды пайдалану.

Құрылыстың құның анықтайтын **ресурстік тәсіл**- жобаны іске асыру кезінде қажетті шығындар элементтерінің ағымдағы (болжамдағы) бағалар мен тарифтердің калькуляциялануы.

Жоба бюджеті

Жоба бюджеті – сандық көрсеткіштер арқылы айқындалатын, қойылған максатқа жетуге қажетті шығындарды көрсететін жоспар. Бюджетте жобаның іске асыру стратегиясы мен нақтыланған күнтізбелік жоспардың бағалау нәтижелері көрсетіледі.

Бюджетті бақылаудың негізгі міндеттері:

- Шығыстардың дәл бағалануын алу
- Шығыстарды мерзімге бөлу
- Шығыстарды растау, дәлелдеу
- Шығыстарды есептеуінің уақытылығы
- Қате шығыстарды анықтау
- Жобаның қаржылық жағдайы жайында есеп дайындау
- Шығындарды болжау

Жобаға жұмсалған қаржыны қадағалау келесі реттілікте жүргізіледі:

1. Атқарылған жұмыстардың көлемі белгіленеді
2. Атқарылған жұмыстардың сметалық құны анықталады
3. Атқарылған жұмыстардың сметалық құны жоспарланған жұмыстардың сметалық құнымен салыстырады
4. Сметалық құнның қалдығы анықталады
5. Атқарылған жұмыстардың нақты шығындары белгіленеді

6. Нақты шығындарды атқарылған жұмыстардың сметалық құнымен салыстырады

7. Қаржы қаражатын үнемдеуі немесе артық жұмсалғаны анықталады.

Бюджеттік бақылау ұйымдастырудың схемасы (13-суретте)



13-сурет – Бюджеттік бақылау ұйымдастыру



Жобаның материалдық-техникалық даярлығы

Жобаның бұл кезеңінің негізгі міндеті – жоба жоспарына дәл сәйкес жабдықтар, құрылымдар, материалдар мен қызметтердің жеткізілуін қамтамасыз ету.

Бұл үдеріс екі бөліктен тұрады:

- ресурстар мен қызметтерді конкурстық негізде көтере сатып алу;
- жұмыс жүргізілетін жерге жеткізілімдерді ұйымдастыру.

Көтере сатып алу кезіндегі қатысушылардың арасындағы ұйымдастыру мен реттеудің негізгі құқықтық түрі шарт болып саналады.

Жеткізілім шарты – бұл шарт бойынша, жеткізуші-кәсіпкер, келісілген мерзімде тауар сатып алушыға меншікті беру (немесе

толық шаруашылықты жүргізу немесе жедел басқару), ол кәсіпкерлік қызмет немесе жеке тұтынушымен байланысты емес басқа мақсаттармен айналасуға ұсынған, ал сатып алушы тауарды қабылдауға және ол үшін белгілі баға төлеуі керек.

Мердігерлік шарт – белгілі іс-әрекеттердің объектісі болып саналатын, көтере сатып алушыларды реттейді. Осындай көтере сатып алудағы қарым-қатынас мәні- бір жақ екіншісінің тапсырмасымен төлемақы үшін белгілі бір жұмысты орындауға міндеттенеді, оның нәтижесі тапсырыс берушінің меншігіне өтеді.

Көтере сатып алудың келесі түрлері бар: **тікелей, делдалдық және биржалық.**

Бірінші жағдайда көтере сатып алушы субъектілері арасында заңды байланыс орнайды, олардың арасында сәйкес шарт қабылданады.


Екінші жағдайда жобаны жүзеге асырушы жақ мердігермен заңды қарым-қатынасқа орнайды, яғни жоспарды қажет ресурстармен қамтамасыз ететін жақпен.

Үшінші жағдайда биржа қатысушылары есебінен биржалық сатылымды өз атынан және өз есебінен жүзеге асырады немесе клиенттің атынан және оның есебінен немесе клиент есебі арқылы өз атынан немесе өз есебінен, бірақ клиент атынан.

Жобаның өмірлік циклінде көтере сатып алу орны мен жеткізілімі (14-сурет).

Батыста көтере сатып алудың бірнеше түрін ажыратады:

- Жұмысты көтере сатып алу (Procurement of works)
- Материалды көтере сатып алу (Procurement of goods)
- Жабдықты көтере сатып алу (Procurement of equipment)
- Қызметті көтере сатып алу (Procurement of services)
- Кеңесшілер жобасын көтере сатып алу (қызметін пайдалану) (Procurement of consultants)



14-сурет – Жобаның өмірлік циклінде көтере сатып алу орны мен жеткізілімі

Қорытынды: Тақырыпта қаржыландыру және бюджеттеу, сонымен қатар оның материалды-техникалық даярлығы сияқты негізгі бөлімдері қарастырылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Жобалық қаржыландыру түсінігі және міндеттері.
2. Жобаны қаржыландыру кезеңдері.
3. Жобалық қаржыландыру әдістері қандай?
4. Жобалық қаржыландыру түрлерін атаңыз.
5. Қаржыландыруды бақылау аспектілері.
6. Жоспарлық қаржыландырудың қатысушыларына сипаттама.
7. Смета түсінігі.
8. Сметаны есептеу түрлеріне сипаттама беріңіз.
9. Жоба бюджеті түсінігі.
10. Бюджеттік бақылау ұйымдастыруды схема түрінде көрсетіңіз.
11. Жобаның өмірлік циклінде көтере сатып алу орны мен жеткізілімі.
12. Жобаның материалдық-техникалық даярлығы сипаттама беріңіз.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. «Инновациялық жобаны қаржыландыру ерекшеліктері» тақырыбына баяндама жасау.
2. Инновациялық жобаны қаржыландыру түрлері және ерекшеліктері.
3. Тақырып бойынша эссе дайындау.
4. «Инновациялық жоба бюджетін құру және бақылауды жүргізу» тақырыбына конспект дайындау.
5. Тақырып бойынша презентация әзірлеу.

ТАҚЫРЫП 9. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ

9.1 Жобаны енгізу (стратегия және технология)

9.2 Жобаның орындалуын ұйымдастыру

9.3 Жобаны басқаруды талдау

9.4 Жоба өзгерістерін басқару және қорытындылау



Жобаны енгізу (стратегия және технология)

Стратегия

Жоба стратегиясы – бұл жетекшілердің барлық сыртқы және ішкі жағдайлар контексінде жоба мақсаттарына жету процесстерін көре алуы.

Жобаны басқару стратегияларының түрлі сипаттамалары бар. Олардың бірнешеуін қарастырамыз. Жобаны жүзеге асырудың шарттары мен контексін есепке ала отырып, басқарудың ішкі және сыртқы стратегиясын бөліп көрсетеді. Ең алдымен берілген стратегия түрлерінің нәтижелілігін анықтайтын алғышарттарын анықтаймыз.

Ішкі басқарудың тиімді стратегиясы.

Жобаның ішкі басқарылуы стратегиясының тиімділігі немен анықталады?

Жобаны басқару бойынша мамандары жетекшілерге мынадай жағдайларға назар аударуына кеңес береді:

Жетекшіліктің жобаны қолдауы. Жетекшілік жобаны басқаруға байланысты қабылданған концепция негізінде белсенді көмек пен бақылау жолымен барынша қолдау көрсетуге міндетті.

Сыртқы құқықтар. Жоба жетекшісі серіктестермен қатынаста беделді өкіл болуы керек және қажетті құзыретті болуы қажет.

Ішкі құқықтар. Жоба жетекшісі өзінің талаптарын орындату үшін қажет билікке ие болуы керек.

Шығындарды басқару бойынша құқықтар. Жетекшілер белгіленген шекте қорларды қоса отырып, ресурстардың шығындалуын бақылап, оларға жауап беруі қажет.

Қүзіреттілік. Жоба жетекшісі және оның ұжымы құзіретті болуы қажет. Бұл сонымен қатар, жобаға қатысты барлық функционалды қызметтерге қатысты.

Жобалық ұжым. Жоба жетекшісі жобалық ұжымды таңдауда шешуші сөзді айтуы қажет, ол қажетті жұмыс деңгейі мен сапасы қамтамасыз етеді.

Басқарушылық ақпарат жүйесі. Ақпарат пен бақылаудың тиімді жүйесін құру қажет. **Сыртқы басқарудың тиімді стратегиясы.**

Сыртқы басқару стратегиясын қалыптастыруда негізгі рөлді жобаның сыртқы қатысушыларымен байланысты факторлар ойынайды. Сол себепті осы стратегия түрі тиімділігінің негізгі алғышарты жобаның сыртқы қатысушыларын зерттеумен байланысты. Бұл үлгі дәстүрлі иерархиялық ұйымдардың аударылған үлгісін көрсетеді. Жобалық ұжым мүшелері жоба жетекшісімен бірге берілген үлгіде қызмет көрсетуші мекеме ретінде болады. Ол жоба бойынша нәтижелерге жетуді қамтамасыз етеді.

Сыртқы қатысушыларды зерттеу процессінде келесі сатыларды көрсетуге болады:

- Түрлі қатысушылардың рөлін анықтау тәсілдерін зерттеу және осы ақпаратты жобаны сыртқы ортаның қабылауын жақсартуға қолдану;
- Қатысушылардың әр тобы бизнесінің нақты табиғатын анықтау;
- Олардың ынталары мен әрекеттерін түсіну;
- Түрлі жағдайларда олардың мүмкін болатын әрекеттерін бақылау;
- Жоба қатысушылары ортасының сипаттамаларын нақтылау және осы негізде жақсы қарым-қатынастар орнату;
- Жоба жетекшісінің қатысушылардың жобадан тыс әрекеттеріне жауап берудегі рөлін тану;
- Жобаға қатынасымен байланысты негізгі сфераны таңдау;
- Қатысушылардың жойылған тобы да жобада кемшіліктер тауып, оны тоқтата алады.

Ірі ұйымдар үшін жобаны басқаруды корпоративті стратегиямен байланысты қарастыруға болады.

Корпоративті стратегия компанияның болашақта даму мақсаттарымен анықталады және осы мақсаттарды бірнеше деңгейлер мен стратегиялық сфераларға бөледі. Оның әрекетке айналуы жобаны құрайды. Осы жағдайда жобаларды басқару өзгерістерді басқару жүйесі үшін әртүрлі болады. Әр жобаға өзінің стратегиясы жасалады.

Стратегиялық байланысқан жобалардың шегінде ерекше назар аударатын маңызды сәттер бар:

компания жетекшілігі компанияның тиімді стратегиялық мақсаттары мен олардан туындайтын жоба мақсаттарына жауап береді;

- компания жетекшілігі тиімді жобаларға таңдау жасайды;
- жобаның мақсатын анықтау мен келісімге келу компания жетекшілері мен атқарушылар арасында көп уақыт шығыны мен күшін талап етеді, себебі жоба мақсатының бастапқы анықтамасы оның соңғысымен сәкес келуі өте сирек жағдай;

- жобаны құру жобаны басқаратын адамның өзін-өзі дайындауына жағдай жасау керек;

- мақсатты жасау мен келісімнен кейін жоғарғы басшылық «қолшатыр» қызметін жобаны орындаушы мен жетекшіге қалдырады (қолдау, жоба маңыздылығын таныту), ол көбінесе толық компания стратегиясының жобаға арнап таңдап алынған стратегиясына сәйкес баға беру мен бақылау болып табылады.

Тәжірибеде жобаны басқаруды қолдану облыстарына байланысты өз стратегия таңдау жиынтығы болады.

Мысалы, құрылыс пен оған жақын салаларда жобаларды жүзеге асырудың келесі стратегиялары бар:

1. «Негізгі» жүйе

Жоба жетекшісі – тапсырыс берушінің өкілі («агент») және қабылдаған шешімдерге жауапкершілік артпайды. Осындай түрде кез келген жобаға қатысушы - фирма жұмыс істей алады. Жетекшіге жүктелетін жауапкершілік жобаны жасау мен жүзеге асыруға қатысты болады. Жоба жетекшісі тапсырыс берушіден басқа жоба қатысушыларымен келісім-шартқа отырмайды. Бұл нұсқаның ар-

тықшылығы жоба менеджерінің ауқымдылығы, ал кемшілігі жоба тағдырына қатысты тәуекелдің барлығы тапсырыс берушіге жүктеледі.

1. «кеңейтілген басқару» жүйесі

Жоба жетекшісі белгіленген баға шегінде жобаға жауапкер болады. Ол сол белгіленген баға шегінде жоба қатысушылары мен оның арасындағы келісім негізінде жоба процесстерін жүйелейді және басқарады.

3. «Жедел құрылыс» жүйесі («кілт асты» жүйесі)

Жоба жетекшісі жобаның жарияланған құнымен тапсырыс берушінің келісім-шартты «кілтке бекітетін» жобалық-құрылыс фирмасы.

Жобаны жүзеге асыру стратегиясын қалыптасырудың ақпараттық технологияларды жетілдіру салаларында өзге құрамы бар:

1. Жоба бойынша реттік жұмыс;
2. Жоба бойынша жұмысты каскадты орындауда жұмыс ба-рысы мен жоспарын, мақсатын жетілдіру мен түзету мақсатында алдыңғы сатыларға кезеңдік қайта оралулар болады.

Жоба бойынша параллельді жұмыс істеу-жұмыс мерзімін қысқарту мақсатында болып, оны жоба қатысушылары параллель жүргізеді. Мұнда қатысушылар арасында ақпарат алмасу мен өзара әрекеттесу маңызды рөл ойнайды.

Технология

Жобаларды басқару технологиясы тек қана жобалық практикадағы әдістерге ғана негізделмей, басқарудың түрлі облыстарынан алынады. Жобалық технологияның ерекшелігі берілген әдістердің түрлі жобалық процесстерде қолданыла алуында.

Жобаның өмірлік циклінің түрлі фазаларында мынадай әдістер қолданылуы мүмкін

Жоба концепциясын жасау:

- мақсаттарды сипаттау мен талдау әдістері, морфологиялық ағаштар, мақсаттар ағашы, маркетинг әдістері, әлеуметтік әдістер, эксперттік жүйелер;

- жобалауды талдау әдістері және т.б.

Жобаны жасау:

- құрылымдық декомпозиция әдістері;

- композициялық құрылымдық модельдер құру әдістері;
- құрылымдық үлгілердегі міндеттерді шешу әдістері;
- жобаларды жүзеге асыру процесстерін модельдеу әдістері;
- берілген қасиеттері бар жүйелерді құру әдістері;
- имитациялық үлгілеу;
- күнтізбелік жоспарлау әдістері: уақыттық, құндық, ресурстық талдау, шығындар мен ресурстарды жоспарлау;
 - сенімділік, тәуекелді ескеру, функционалды –құндық талдау әдістері;
 - сапаны басқару әдістері;
 - тәуекелді басқару әдістері;
 - жетілдіру сатысын жобалық талдау әдістері;
 - жобаны жүзеге асыру;
 - жұмысты, уақытты, ресурстарды, құнды жедел жоспарлау әдістері;
 - жоба мониторингі әдістері: есеп, бақылау, талдау, жұмыс барысы және көрсеткіштер динамикасы;
 - жобаның дамуын болжау әдістері;
 - шығындарды бақылау әдісі;
 - қорларды басқару әдістері;
 - өзгерістерді басқару әдістері;
 - жобаны жүзеге асыру сатысында жобалық талдау әдістері;
 - жобаны аяқтау;
 - жоба тиімділігі талдауының әдістері;
 - баллдарды жоспарлы және нақты іске асыру барысы жайлы мәліметтерді талдау мен атқарушы графиктер әдістерін жетілдіру.

Кейбір мамандар жобаны басқарудағы технологияларды «қатал» және «жұмсақ» деп бөледі. Мұндай бөлу менеджменттің толық даму тәжірибесіне негізделген. «Қатал» технологиялар жобалардың санын, сапасын, мерзімін, құнын бақылаудың сандық әдістеріне негізделі отырып, жоба мақсаттарына жетуде адами факторларды ескермеген. Адами жақ жобаларды басқаруда 50-60 жылдары мінез-құлықтық ғылым жетістіктерін белсенді қолдану кезінде кең танымалдыққа ие болды. Жұмысшылар потенциалын дамыту мен оны компания мүддесіне қолдана білу әдістері «жұмсақ» әдістер деп аталды.

Жобаларды басқарудағы «қатаң» және «жұмсақ» технологиялардың қайшылығының мәні мынада, ол нәтижелі жоба менеджерінің иеленуге тиіс құралдарының диапазонын көрсетеді. Негізінде екі технология, егер оларды жақсы мамандар қолданса, бір-бірін сәтті толықтырады.



Жобаның орындалуын ұйымдастыру

Орындауды ұйымдастыру

Жобаны орындауды ұйымдастыруға біз үш негізгі процессті көрсете аламыз:

- Жоспарды орындауды және ресурстарды пайдалануды бақылау
- Жұмыс жағдайын бағалау
- Жобаны жүзеге асыру барысын реттеу.

Жоспарларды орындау мен ресурстарды қолдануды бақылау:

Бақылау – бұл жоба жетекшісі қойылған мақсат орындалып жатыр ма, қабылдаған шешімдері дұрыс па, ауытқу туғызатын себептер бар ма, жобаны жүзеге асыруда шығынға батуға (мерзімнің бұзылуы, ресурстарды қолдануды арттыру, төменгі сапа және т.б.) жол бермес үшін қатысушылардың міндеттерін атқарудағы қателерді түзету жолдары қандай деген сұрақтарды анықтау барысындағы процесс.

Бақылау процесі келесілерді біріктіреді:

- мониторинг (жобаның барлық процесстеріне жүйелік бақылау жасау)
- материалдық және еңбек ресурстарының есептік талаптарында, бюджетте, жоспарларда тіркелетін критерийлер мен шектеулер қатары көмегімен жобаны жүзеге асыру мақсаттарынан ауытқуды анықтау;
- қалыптасқан жағдайдың салдарын болжау;
- түзету әрекеттерін жасау қажеттілігін негіздеу.

Бақылаудың үш негізгі түрі бар: алдын ала, ағымдағы және қорытынды.

Бағалау - бұл жоба бойынша қызмет істемейтін тұлғалардың жоба аяқталуымен немесе кезеңдерде ағымдағы тексеріс жасайтын процесс.

Бағалау мен бақылауға ортақ нәрсе, екі процесс те кері байланыс қызметін атқарады. Ал олардың арасындағы айырмашылықтар мынада:

- бақылауды жоба жетекшісі жүзеге асырады, ал бағалауды сыртқы мамандар жүзеге асырады;
- бақылау тұрақты және бөлшек негізінде жүзеге асырылса, бағалау кезеңмен және жалпы жоба бойынша жүзеге асырылады.

Жобаны жүзеге асыру барысын реттеу

Реттеу процессі жобада қабылданған период бойынша қайталанып тұратын келесі процедуралардан тұрады (тәуліктер, апталар, декадалар, айлар):

- кешен жағдайы жайында оперативті ақпаратты жинау және дайындау және оны жобалық командаға жеткізу;
- үлгілерді жаңарту және мәліметтерді оларды есептеу (қайта есептеу) үшін дайындау;
- күнтізбелік жоспарларды белсендіру және желілік үлгілерді есептеу (қайта есептеу);
- жұмыс кешені жағдайының талдауы және оның әрі қарай жүзеге асырылуына шешімдер дайындау;
- жұмыстар кешенін жүзеге асыру бойынша талқылау және шешім қабылдау;
- оперативті-күнтізбелік жоспарды жасау (кварталдық, айлық, апталық, тәуліктік және т.б.) және оларды қатысушыларға жеткізу.

Жобаны басқаруды талдау

Жобаларды басқару әдісінде жобалық талқылауларды айқындайды, олардың мақсаты жоба нәтижесін анықтау болып табылады.

Жобалық талқылаудың келесі түрлері бар:

- техникалық,
- қаржылық,

- коммерциялық,
- экологиялық,
- ұйымдастырушылық,
- әлеуметтік,
- экономикалық.

Тәжірибеде жоба жетекшісі жоба күрделілігі мен ойлау деңгейіне сәйкес талдаудың берілген түрлерін қолданады.



Жоба өзгерістерін басқару және қорытындылау

Өзгерістерді басқару жобаны басқарудың негізі интеграциялық процестеріне жатады, және жобаның барлық өмірлік циклін қамтиды.

Жобадағы сыртқы және ішкі факторлар әсерінен болған өзгерістер ретінде жобаны жетілдіру мен жүзеге асыру барысындағы шешімдерді бірін екіншісімен алмастыру танылады. Сәйкесінше қайнар көздер де сыртқы және ішкі болып бөлінеді.

Өзгерістердің сыртқы өзгерістеріне жатады: саяси, заңнамалық, экологиялық, әлеуметтік, технологиялық, экономикалық, халықаралық және өзге де факторлар. Жоба командасы осы өзгеріс қайнар көздерін басқаруда шектеулі мүмкіндікке ие. Оларды есепке алу міндетті және жоба барысында оған икемді жауап беру қажет.

Жобадағы өзгерістердің ішкі қайнар көздері жобаны жүзеге асыру басрысында қатысушылардың өзара қатынастарынан, сол жоба ортасынан шығады. Қатысушылардың кез келгені жоба барысына әсер ете алады және пәндік облыста, күнтізбелік мерзімдерде, жобаларды қаржыландыруды, материалдар мен қондырғылар жеткізу мерзімін қоюда өзгерістер туғыза алады. Ішкі өзгерістердің белгілі бөлігін жетілдіру сатысында көру мүмкін емес, себебі олар жаңа жобалық шешімдердің, технологиялардың, тиімді материалдардың, конструкциялардың пайда болуымен байланысты.

Өзгерістің басқа бөлігі белгіленген көлем, мерзімнен қалып қоюы. Оған мынадай факторлар әсер етеді: сыртқы және ішкі (әлеуметтік, табиғи-климаттық және т.б.) Компания ішінде жүзеге

асырылатын жобаға ұйымның стратегиясы мен артықшылықтарының өзгеруі әсер етуі мүмкін. Өз кезегінде бұған осы ұйым жүзеге асырып жатқан жобалар өзгерісі де әсер етеді. Ал ол жобалар арасында ресурстарға, кадрлық өзгерістер жобалық командалар ішінде бәсекелестік туғызады, тұлғааралық қатынастарды қиындата түседі.

Осылай, жобаның бастапқы жоспары белгілі бір түзетулерге немесе толық жойылуға ұшырауы мүмкін:

- жобаны орындау мерзімдерінің өзгерісі;
- құнды қайта қарау қажеттілігі;
- жобаның техникалық шарттарын өзгерту;
- ұйымдастыру стратегиясын өзгерту;
- жұмыстарды орындау технологиясы мен әдістерін өзгерту;
- қажеттіліктедің өзгеруі, оларды қанағаттандыру жобаға қажетті болады;
- созылмалы жұмыстардың алғашқы бағалауын қайта қарау;
- жұмыстар арасындағы байланысты жоспарлаудың нақты болмауы;
- жеткізу мерзімін бұзу;
- бастапқы жоспарға сәйкес ресурстарды қолдана алмау;
- жеке операцияларды орындауға қажет ресурстарды талап етудегі өзгерістер;
- нарық конъюнктурасының өзгеруі және т.б.

Жоба жетекшісі барлық пайда болған өзгерістерді қадағалап отыруы қажет және жоба нәтижесіне, сапасына, мерзіміне, шығындарына әсерін бағалап, қажетті түзету шараларын қолдану қажет.

Жобаны басқару әлемдік тәжірибесі көрсеткендей, жоба барысында пайда болған өзгерістер жобаның сәтсіз аяқталуына немесе толық күйреуіне алып келеді. «General Accounting Office» ұйымының мәліметтері бойынша, по 940 талданған әскери және азаматтық жобалардың құнының артуы өзгерістер мен инфляцияның нәтижесінде бастапқы құнның 75 пайызын құраған (340 млрд. доллардан - 607 млрд. долларға дейін).

Ресейлік тәжірибеде жобадағы өзгерістерге барынша формальді қатынас қалыптасқан – менеджерлер көбінесе мүмкін салдарды жай ғана бағалап талдайды, ол артынан өте күрделі мәселелерге әкеліп соқтырады, ол жобадан бас тартуға немесе менеджерді ауыстыруға дейін әкеледі.

Өзгерістерді қалай басқаруға болады?

Өзгерістерді басқару процесі болашақ өзгерістерді болжау мен жоспарлау, барлық потенциалды өзгерістерді (жобаны қаржыландыру, құн, мамандану, желілік график және т.б.) жобада болып жатқан өзгерістерді толық зерттеуге, салдарын бағалауға, құптау мен ауытқау, мониторингті және орындаушылар координациясын ұйымдастыруды біріктіреді.

Жоба менеджері келесі ретті өзгерістерді енгізу жүйесін қалыптастыру қажет. Мұндай құжат жобаның ағымдағы жағдайы конфигурациясын сипаттау деп аталады және белгілі мерзімде жоба жағдайын сипаттайтын техникалық құжаттама кешені деп аталады. Өзгерістерді басқару әдістерінің бірі жоба менеджері кезең бойынша және жобаның өмірлік циклі барысында қайта тексеруге, бағалауға, бақылауға қажет құжаттарды сұрайды.

Болып жатқан өзгерістердің регламенттенуіне байланысты келесі құжаттар пайдаланылады:

- «мәселе бойынша есеп» (Problem report) - жобаны жүзеге асыру барысында пайда болған мәселелердің сипаттамасы. Бастапқы сатыда жүзеге асырылады;
- «өзгерістер енгізуге сұраныс» (Change request proposal form) бастапқы сатыда жүзеге асырылады;
- «ұсынылған өзгеріс сипаттамасы» (Change proposal form) – оның ағымдағы статусы, ниет білдірушілер мен бақылау және орындалуға жауаптылардың өзгеруі жайлы ақпараттар. Бастапқы сатыда қалыптасады және келесі сатыларда түзету енгізіледі;
- «өзгеріске сұраныс беру» (Change order) – жазбаша бұйрық түрінде рәсімделеді және мердігер міндетіндегі тұлға қол қояды; жоба бойынша қандай өзгерістер қажет соны көрсетеді және шешеді. Шешім қабылдау сатысында қалыптасады.

Атап өтетіні, егер көрсеткіштердің күтілмеген өзгерістерін қажет шығындар 15-20 пайыздан асып кетсе, жоба әдетте жетілдіріледі, оны жоспарлау мен жүзеге асырудығы белгісіздіктер деңгейін төмендету мақсатында жасайды.

Аяқтау

Жобаны аяқтау фазасына келесі кезеңдерден тұруы мүмкін:

1. эксплуатациялық сынақтарды өткізу;

2. жобаларды тапсыру;
3. келісім-шартты аяқтау.

Жобаны аяқтау жүзеге асырылуы мүмкін:

- Жоба бойынша барлық жұмыстардың орындалуынан соң;
- Аяқталмаған жоба бойынша жұмыстарды тоқтату шешімі

нәтижесінде.

Қорытынды

Берілген тақырыпта негізгі жобалық процесстерді қарастырдық, оның ішінде: орындауды ұйымдастыру, жобалық талдау, өзгерістерді басқару, аяқтау. Берілген процесстердің ерекшеліктері мен мазмұнын, шектерін анықтауды шетелдік мамандар түрлі жақтардан қарастырады. Негізгі процесстерді, тіпті біртегі жобалардың шегінде таңдау жиі сәйкес келмейді. Бұл жобаларды басқару әдістемесіне тән, себебі ондағы артықшылық бірегей стандарттар мен бірегей формаларға қарағанда менеджердің жобаға қатынасы мен процессті ойлауына беріледі. Сол себепті жобалық процесстерді белгілеу мен анықтау, сонымен қатар осы процесстерді басқару жоба нәтижесі жауапкершілігі жүктелген жоба жетекшісі немесе өзге менеджер үшін - міндет.

Бақылау сұрақтары:

1. Жоба стратегиясы түсінігі.
2. Ішкі басқарудың тиімді стратегиясы.
3. Сыртқы басқарудың тиімді стратегиясы.
4. Жобаларды басқару технологиясы.
5. Жоспарларды орындау мен ресурстарды қолдануды бақылау.
6. Жобаны жүзеге асыру барысын реттеу.
7. Жобаны орындауды ұйымдастырудағы негізгі процесстер.
8. Жобаны басқаруды талдау.
9. Жоба өзгерістерін басқару және қорытындылау.
10. Инновациялық жобадағы өзгерістерді қалай басқаруға болады?
11. Болып жатқан өзгерістердің регламенттенуіне байланысты қандай құжаттар пайдаланылады?

Өзіндік жұмыс тапсырмалары:

1. «Инновациялық жобаның стратегиясы мен технологиясы» тақырыбына баяндама жасау.
2. Инновациялық жобаны жүзеге асыру сипаттамасы.
3. Тақырып бойынша эссе дайындау.
4. «Инновациялық жобаларды енгізудің қазақстандық және шетелдік ерекшеліктері» тақырыбына конспект дайындау.
5. Тақырып бойынша презентация әзірлеу.

ТАҚЫРЫП 10. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

10.1 Инновациялық жоба концепциясы

10.2 Жобаны талдау құрылымы

10.3 Жобаны талдау мазмұны



Инновациялық жоба концепциясы

Жоба тұжырымдамасын өңдеу. Кез келген инвесторда ақша салудан бұрын келесідей сұрақтар туындайды:

- қандай жобаға ақша (қаражат) салуға болады?
- бұл қаражаттың шамамен қажет көлемі?
- салынған қаражаттар қашан табыс әкеледі?
- салынған қаражаттан қанша пайда алуға болады?
- сонымен қатар, егер қаражаттар шектеулі болса, әдетте олар шектеулі, жобаға ақшаны қайдан аламыз?

Тұжырымдаманың өңдеуі екі кезеңдерден тұрады:

1. Жобаның инвестициялық идеясын құрастыру;
2. Инвестициялық мүмкіндіктерді талдау.

Инвестициялық идеяның құрастырылуы.

Идеяның және жобалардың пайда болу себептері:

- Қанағаттандырылмаған сұраныс;
- Кәсіпкерлердің әрекеті;
- Саяси және әлеуметтік қысымға реакция;
- Несие берушілердің мүддесі және тағы басқалар.

Құрастыру кезеңінде алынған жоба нәтижелері жоба резюме-аналитикалық жазба түрінде рәсімделеді. Ол жоба мәнін талқылайды.

Инвестициялық мүмкіндіктердің талдауы.

Бұл талдау келесі кезеңдерден тұрады:

- жобаның жүзеге асыру өлкелерінің экономикалық және әлеуметтік дамуының болжамдарын зерттеуі;

- инвестициялық ойларды құрастыру мен оның жүзеге асырылу жолдарын зерттеу;
- балама нұсқалардың жобалау адындағы инвестициялардың дәйектемесі, талдауы және жобаның таңдауы;
- жобаның алдын ала жоспарының өңдеуі;
- таңдау және объекттің орналастыруын келісуі;
- экологиялық жобаны негіздеу және оның сараптамасы;



Жобаны талдау құрылымы

Кез келген жоба жан-жақты қарастырылуы қажет:

- техникалық талдау;
- коммерциялық талдау;
- қаржылық талдау;
- экологиялық талдау;
- ұйымдастырушылық талдауы;
- экономикалық талдау;
- құрылымдық талдау.

Техникалық талдау

Инвестициялық жобаның техникалық талдауы еңберінде зерттеледі:

- техника-экономикалық баламалылығы;
- объект орналасқан жердің нұсқалары;
- жоба мөлшері, масштабы және көлемі;
- жоба фазалары мен оның толық орындалу мерзімі;
- шикізат көлемінің, жұмыс күшінің және басқа да керек құрал-жабдықтардың жеткіліктігі;
- жоба өніміне арналған нарық сыйымдылығы;
- есепке алынбаған факторларды қосқандағы кететін шығындар;
- жоба кестесі.

Коммерциялық талдау.

Коммерциялық талдау негізі – жобамен қарастырылатын тауарлар мен қызмет көрсетулер негізінде жобаны бағалау. Бұл талдаумен шешілетін сұрақтарды негізгі үш топта қарастыруға болады:

- маркетинг;
- ресурстарды алу шарттары мен көздері;
- өтімділік пен өндіру шарттары.

Экологиялық талдау.

Экологиялық талдау мақсаты ретінде жобаның қоршаған ортаға келтіретін зияның бағалау мен оны жұмсартумен қатар, жою шараларын жүзеге асыру.

Ұйымдастырушылық талдау.

Бұл талдау мақсаты – жобаның орындалуы мен пайдалану шеңберіндегі ұйымдастырушылық, құқықтық, саяси және әкімшілік ахуалды бағалау.

Ұйымдастырушылық талдаудың басты мәселелері:

- іске асырылып жатқан заңдар мен заң актілер негізінде жоба қатысушыларының міндеттерін айқындау;
- материалды-техникалық база, мамандандырылу және қаржылық жағдайындағы жоба қатысушыларының күшті және әлсіз жақтарын бағалау;
- жоба орындалуына заң тарапынан мүмкін ықпалы, әсіресе қоршаған ортаға байланысты;
- баға, мемлекеттік қолдау, ішкі экономикалық байланыстар;
- талдауақытында анықталған жоба қатысушыларының әлсіздерін шығару мен жобаға кері әсер етуші факторлардың үлесін төмендету;
- жоба тиімділігіне әсер ететін, жоғарыда атап өтілген факторлардың кемеліне жетуін қамтамасыз ету.

Әлеуметтік талдау.

Әлеуметтік талдау мақсаты тұтынушылар үшін жобаның жарамдылығы. Әлеуметтік талдау өз назарын келесі басты мәселелерді қарастырады:

- жобаның тікелей қатысы бар аумақтағы демографиялық және әлеуметтік- мәдени ахуалдар;
- жоба іске асырылатын аумақта халықтық ұйымдастырушылық: отбасы құрылымы, жұмыс күшінің болуы, ресурстарды қолдану рұқсаттылығы.
- жергілікті мәдениетке жоба қабылдануы;
- қажетті материалдармен қамтамасыз ету стратегиясы.



Жобаны талдау мазмұны

Жобалық талдау мәні. Жобалық талдаудың басты мәселесі- жоба нәтижелерін анықтау. Жоба талдауының келесі түрлері ажыратылады:

- техникалық;
- қаржылық;
- коммерциялық;
- экологикалық;
- әлеуметтік;
- экономикалық;
- құрылымды-ұйымдастырушылық.

Ақшаның уақытша құны.

